

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ

Төрағасы – Г. Азубаева
Хатшы – А. Куатова
Қатысқандар: 20 адам
Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Әдістемелік кеңестің отырыстарын ұйымдастыру. Әдістемелік кеңестің отырыстарында қаралатын мәселелерді дайындауға консультативтік көмек.
2. Нұсқаулық-әдістемелік кеңестер және жеке консультациялар.
- жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу
3. Әр түрлі.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директорының оқу– ісі жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Е.Азубаева Колледждің 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің отырыстарын ұйымдастыру жоспарын негізгі бағыттарымен таныстырып өтті.
Әдістемелік қызмет педагогтің шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамытуға, оқу-тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға, озық тәжірибені жинақтауға, сайып келгенде, білім алушылардың білім деңгейі мен тәрбиесін арттыруға бағытталған шаралар жүйесі ретінде анықталады. Колледждің ғылыми-әдістемелік жұмысы жоспар негізінде құрылады. Колледждің әдістемелік жұмысын жоспарлау кезінде педагогикалық ұжым колледжді дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға ықпал еткен формаларды таңдауға тырысады. Колледждің әдістемелік жұмысының рөлі қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелерін, тәсілдері мен нысандарын ұтымды және жедел пайдалану қажеттілігіне байланысты айтарлықтай артып келеді. Сонымен қатар UIB университетімен ұйымдастырылған Қысқы мектеп семинарына оқытушылармен білім алушыларды қатыстыру керек екенін атап өтті.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқу бөлім меңгерушісі Куатова А.Н. қажетті бұйрықтарды дайындау:әдістемелік кеңестің құрамы туралы ұжымға таныстырып өтті. Алдағы уақытта білім беру бағдарламаларының паспорттарын әзірлеу және оларды тізілімге енгізу жоспарда бар екенін және берілген уақытта аяқтау керек екендігін түсіндірді. Сонымен қоса жалпы білім беретін оқытушыларға білім бағдарламасының «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығына сәйкес әр пәннің мамандық бағытына қарай оқыту нәтижелерін арнайы формаға салуды жүктеп берді. Арнайы пән оқытушыларына мамандық классификаторы арнайы құзыреттіліктер тізімі, кәсіби модульдерді әзірлеу жүктелді.
3. Әр түрлі. Колледж директоры Якенова К.Ж. қысқы сессияның жақындауына байланысты пән оқытушыларына білім деңгейіне байланысты тиісті балдарын қойып, есепті құжаттарды уақытымен жабуға талап қойды.

ШЕШІМ

1. Әдістемелік кеңестің отырыстарын ұйымдастыру жұмыстары қанағаттандырырлық деп есептелсін.
2. Әдістемелік кеңестің отырыстарында қаралатын мәселелерді дайындауға көрсетілген консультативтік көмек қанағаттандырырлық деп есептелсін.
3. Колледж директорының талабы орындалсын.

Төрайым

Хатшы

The image shows two handwritten signatures in black ink. The top signature is smaller and more compact, while the bottom signature is larger and more fluid, extending further to the right.

Азубаева Г.Е.

Куатова А.Н.